

Степногорск қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 18 сәуірдегі № 6С-3/2 шешімі

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Степногорск қалалық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы

В.Козейчук

Қалалық мәслихаттың хатшысы

Ғ.Көпеева

Степногорск қалалық мәслихатының
2016 жылғы 18 сәуірдегі
№ 6С-3/2 шешіміне
қосымша

Степногорск қалалық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1. "Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, елді мекендерге Степногорск қаласы бойынша жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) туралы" 2014 жылғы 27 наурыздағы № 5С-26/6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4154 болып тіркелген, 2014 жылғы 15 мамырда "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" аймақтық қоғамдық-саяси газеттерінде жарияланған);

2. "Степногорск қаласының әкімшілік шекараларындағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге, елді мекендерге Степногорск қаласы бойынша жер салығының базалық ставкаларын жоғарылату (төмендету) туралы" Степногорск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 27 наурыздағы № 5С-26/6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 5С-38/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4804 болып тіркелген, 2015 жылғы 4 маусымда "

Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" аймақтық қоғамдық-саяси газеттерінде жарияланған);

3. "Степногорск қаласы және елді мекендер бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы" 2015 жылғы 12 тамызда № 5С-42/8 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4972 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 қыркүйекте "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" аймақтық қоғамдық-саяси газеттерінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК